**Ақпан айы 2024 жыл 1 апта**

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы
Топ: №6 «Жасұлан» мектепалды тобы
Балалардың жасы:5-жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02.-09.02.2024ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>05.02.2024 | Сейсенбі<br>06.02.2024 | Сәрсенб<br>07.02.2024 | Бейсенбі<br>08.02.2024 | Жұма<br>09.02.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу | Достар әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Қызықты құрылымдар»<br>Дидактикалық ойын Фонематикалықестудідамыту,сөздегідыбыстардыңорнынанықтау(басы,ортасы,соңы).Артикуляциялықжаттығуларжасауға машықтандыру.<br>уа-уа-уа Қандайтазааув!<br>ау-ау-ауБолсынденіңсау! | **Көркем әдебиет**<br>«Менің ұялы телефоным» тақырыбында баланыңбасқақұрдастарымен әңгімесіненалғанақпараттарымен,әсерлерімен бөлісуінемүмкіндікберу | **Сауат ашу негіздері**<br>Карточкалармен жұмыс. Сөйлемді ауызша талдау:жай сөйлемдерді сөздерге бөлу.<br>Тамшы тәрізідіпішіндердіолардың арасындағыарақашықтық тысақтап<br>жазуға мүмкіндікберу | **Көркем әдебиет**<br>Қонаққа электр ұстасы келеді. Өзінің техникамен жұмыстағы қауіпсіздігі туралы айтып береді. Балалар ересектерменәңгімесіне налғанақпараттарымен,әсерлерімен бөлісуінемүмкіндікберу | **Математика негіздері**<br>«Бір»сөзініңмағынасы.<br>0 ден 10 дейінгі цифрментаныстыру.<br>«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауапберуін қалыптастыру. Қисық жәнеқигашсызықтардыдәптердіңторкөзіндесызуға үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығулар кешені №11 (құралсыз) | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Шашу» ойын сабағы** (вариативтік компонент) Жоспарға сай жұмыстар жасалады. Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!<br><br>**«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.** **Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына | **Ойын: «Өзіңе жұп тап»** **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. **Ойын барысы:** Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, «Өзіңе жұп тап»- деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: «Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой». Содан кейін белгі бойынша баолығы | **Ойын: «Ұшатын құстар»** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу. құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау. тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету. **Ойынның шарты:** Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру, дене белсенділігі)** | **« Өкпені еріту » жаттығуы** Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қараңғыленкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек | **Тіл гимнастикасы «Р»-ға тілің келе ме?**<br><br>**Қаламқасқа «тұр», - деші,** **Қарындашқа «жүр», - деші.** **«Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», - деші,** **Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р», - деші.** **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады. **(сөйлеуді дамыту)** | алға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады. **Ұсыныс:** ойында тақ сан ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды. **(дене шынықтыру, дене белсенділігі)** | | жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз . **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері** **Тақырып: Сөйлем** Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөй-лемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** **Тақырып: «Мысық,Әтеш және түлкі» ертегісі** Сахнада еркін қимылдап, өз ойын толық жеткізе | **Математика негіздері** **Тақырып : «Шартты өлшем»** Шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) ж/е оған тең зат/ды табу білігін дамыту. Зейінді, логикалық ойлауды және сөйлеу дағдысын дамыту. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: Кеме (өлең)** Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын | **Математика негіздері** **Тақырып :«Шартты өлшем»** Шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) ж/е оған тең зат/ды табу білігін дамыту. Зейінді, логикалық ойлауды және сөйлеу дағдысын дамыту. **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып: Арнайы көлік құралдарының** | **Сауат ашу негіздері** **Тақырып: Сөйлем сызбасы** Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** **Тақырып: «Үш қыз» (ертегісі)** | **Математика негіздері** Тақырып: **«Ұзын-қысқа,биік-аласа,кең-тар,қалың-жұқа.Тең заттар»** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. **Қазақ тілі** **Тақырып: «Асханада.»** Аспаз не пісіреді Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге үйрету, театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:**Жігіттер сайысы.<br>Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту<br>**Музыка**<br>**П.ж.ж** | түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқампаздығын дамыту Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып: Сөйлем сызбасы**<br>Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.<br>**Сурет салу**<br>**«Еркін тақырып»**<br>Мақсаты: Өз ойларынан мамандық иелеріне б/ты құрал-жабдықтарды сала білуге үйрету. | **түрлері**<br>**көлік түрлерімен таныстыруды** жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырып: «Ұлттық ыдыстар»**<br>Ұлттық ыдыстардың қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып жай сөйлем құруға жаттықтыру.<br><br>**Музыка**<br>**П.ж.ж** | Ертегіні эмоциялық-бейнелік мазмұндап баяндауға баулу.<br>Ертегіні жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету.<br>Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру.<br>Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:Кім ақылды? (әңгіме)**<br>Сөздерді буынға бөлуді үйрету.Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. | Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру.<br>– Қандай мамандық иелері бейнеленген?<br>Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек.<br>– Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді? осы сынды сұрақтар қойылады.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырып: «Домбыра»**<br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сынарлысимметриялы, сұлбалы) мен тәсіл-дерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№41**<br>Бақылау: Ауа райына бақылау жасау. Күн суық, аяз.<br>Еңбек: Күтуші апайға ыдыстарды қоюға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Ертегі айтқызу. «Жеті лақ» ертегісі<br>Мақсаты: Тілдік қорларын байыту.<br>Қимылды ойын: «Арқан тарту»<br>Мақсаты: Ұйымшылдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>Өзіндік іс – әрекет: ұжымды түрде конструктордан қала көшесін құрастыру. | **Картотека№42**<br>Бақылау: Ауа райын бақылау (өзгешеліктерін айту)<br>Еңбек: Көрші топтың балаларының еңбегін қарау.<br>Жеке жұмыс:<br>Торғай, торғай тоқылдақ<br>Жерден тары шоқып – ақ<br>Бөтекесі бүлшиып,<br>Шиқ – шиқ етіп отырмақ.<br>Қимылды ойын: «Қуыспақ», «Өз орныңды тап»<br>Өзіндік іс – әрекет: кеңістікті бағдарлай білуге, ептілікке баулу. | **Картотека№43**<br>Бақылау: Желді бақылау. Желдің соғу бағытын бақылау, аңғарымпаздыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Еңбек: Ойын алаңын қардан тазалауға көмектесу. Балаларды еңбекке, тазалыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Мозайкалар құрастыру.<br>Қимылды ойын: «Қаздар мен түлкілер»<br>Мақсаты: балалардың қимыл – қозғалысын дамыту, достыққа тәрбиелеу. Өз беттерімен келісіп ойнауға үйрету.<br>Өзіндік іс – әрекет: | **Картотека№44**<br>Бақылау: Қысқы ағаштарды бақылау.<br>Қысқы ағаштардың басқа жыл мезгіліндегі ағаштардан айырмашылығын айыруға үйрету.<br>Еңбек: киім шкафтарын жинау. Өз – өзіне қызмет ете білуге тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс:<br>жұмбақтар жасыру:<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ жүреді<br>Аузы жоқ ұлиды<br>(Боран)<br>Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Қар лақтырып ойнау, | **Картотека№45**<br>Бақылау: Қысқы ағаштарды бақылау.<br>Қысқы ағаштардың басқа жыл мезгіліндегі ағаштардан айырмашылығын айыруға үйрету.<br>Еңбек: киім шкафтарын жинау. Өз – өзіне қызмет ете білуге тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: жұмбақтар жасыру:<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ жүреді<br>Аузы жоқ ұлиды (Боран)<br>Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қар лақтырып ойнау, бірлікке баулу.<br>Өзіндік іс – әрекет: |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кимдерін әдемілеп жинау. | бірлікке баулу. Өзіндік іс – әрекет: ақшақар жасау. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» | ақшақар жасау. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, кимдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Риғалық әдіс бойынша сауықтыру.(дене жаттығулар мен белсенділігі)Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қалау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау, аузды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қазақ тілі**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты,тыныс-алуды және таза дикцияны дамыту<br>Жаңылтпаштар жаттату.<br>Қаһарлы айдаһар<br>Шаһарға келіп,<br>Қаһарланар.<br>Доп теп,<br>Доптеп.<br>Ала-ала алашалар. | **Сурет салу Мүсіндеу *Жапсыру,құрастыру***<br>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.<br>Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>Ұжымдық композиция.<br>Үйдегі техника құралдары | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуді қолдануын дамыту. Үйде қандай техника құралдарын қолданатынын айтып беруін ұсыну. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ұялы телефон, смартфон,компьютер,ға ламтор,теледидардың қолданылуын білу. оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды бақылау. | **Математика негіздері**<br>«Бір»сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес,сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Топтағы әр түрлі ойыншық түрлерінен жиын жасату.<br>Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің торкөзінде сызуға |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамаша олар. Оганкімталасаалар | | | | бейімдеу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әміреге заттардың пішіндерін анық айта алуды үйрету | Азизге заттарды салыстыру тәсілдерін үйрету | Нариманға ойын жеткізе алуға . өз пікірін айтуға талпындыру | Айдынға дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратуға ынталандыру | Арсенге белгіленген жерге дейін жылдамдық-қа жүгіруді талпындыру |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды калыптастыру | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын ***«Соқыр теке»*** Балалардың дербес ойындары Телефоннан көңілді музыка қойып би билеу. **(музыка)** | Қимылды ойын ***«Тақия тастамақ»*** Балалардың дербес ойындары Қар бетіндегі іздерді бақылау. **(танымдық іс-әрекеті)** | «Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. **Қимылды ойындар.** Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын ***«Күшсынаспақ»*** | Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау. **(танымдық, еңбек іс-әрекет)** Қимылды ойын «Омпы» | Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылдыойын «Атбақыл» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам катарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып. киюін калыптастыру. Жұмбақтар шешу. өлеңдер. әндер жаңылтпаштар. санамақтар және т.б. жаттау | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін. үстелде отыру. тамақтану. асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін калыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару. тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге. нанның киқымын жерге тастамауға үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітаптардан техника құралдарымен таныстыру. ***Жұмбақтар жасыру*** Арқырап бұлағы, Гүрілдеп тұрады. Сырты – жаз, іші – қыс, Кеппейді қырауы. | Дидактикалық ойын «Сымсыз телефон» Балаларға техника жайында мультфильм көрсету.Балалардан үй тұрмысында қандай техникалар бар екенін | Кітапқа карап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру. **(бейнелеу іс-әрекеті)** | Әлеуметтікоқиғаларды.балаларөміріндегіоқиғаларды жапсыруды үйрету. **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Тоңазытқыш)<br><br>Жай да үнсіз тұрады.<br>Біреукелсе тез жат деп.<br>Қоңырауыңұрады.<br>Дабылқағыпбезектеп.<br>(Телефон)<br><br>Токка тисе мұртыүзып.<br>Табаныменжазык<br>Киімдердіңкыртысын.<br>Береді тез жазып.<br>(Үтік)<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп техника құралдарының суретін салу немесе мүсінін жасату.<br>**(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** | сұрау. Осындай техниканың бірі кір жуғышкардан ,мүздан машинаны мүсіндеудің үлгісін көрсету. Балаларды жеке жұмыс жасауға болу.<br>**(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** | бөліп ермексазбен жасалатын мүсінді жасату.<br><br>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер, киюүшін қайшыныколдану дағдысын дамыту.<br>**(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Лего құрастыру бөлшектері арқылы техника құралдарын құрастыру, өзбетіншеойданқұрастыруға баулу<br>**(танымдық іс-әрекеті)** | «Үр төпкпак» ертегісін естеріне түсіру. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Жақын адамдарға қалай камкорлык жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы наукаскакүтімжасаудағы ларынкалыптастыру оған камкорлыкжасау.шулама у,оныңөтініштерімен тапс ырмаларынорындау Наук астаргажанашырлыктаны тугатәрбиелеу |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: Күн тәртібін сақтау | Ата-аналарға кеңес: "тұмау жұқпасының" алдын алу шаралары | Кеңес: Жаңылтпаштар жаттату | Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. | Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру |

**«Тексерілді»**
**№15 «Әлия» бөбекжайы**
**МКҚК-ны әдіскері:**
**_________У.Г.Нурмухамметова**
**«_02_» _02_ 2024ж**

Scanned with CamScanner